

Мектеп алды даярлық «б» сыныбының тәрбиелеумен-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Абдижалелова А.Ж

Білім беру ұйымы: М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы



Сынып жетекшісі: Махмұт М.М

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|---|---|---|--|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, | Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, | Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғымыңызды айтпаймыз, не</i> | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма?</i> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</p> | <p>«Біз бақытты баламыз» Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.</p> | <p>Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!</p> | <p>«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</p> | <p>«Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.</p> | <p>«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!</p> |
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</p> | <p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | | | | |
| <p>Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді «Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр Мақсаты геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті:. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: - Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру Мақсаты . Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | <p>алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</p> | <p>калыптасатыру .</p> <p>Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p> | <p>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды</p> | <p>қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып Ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p> | <p>Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру. 2. Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру. 3. Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау. 4. Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. 5. Допты артқа лақтыру. <p>Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, арпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады</p> |
|--|---|--|--|---|---|

Үзіліс:



Ойын: « Масаны ұста»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді.

Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.

Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.

Ұсыныс: Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Жаз мезгілі несімен ұнайды? – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсындар. Бұл – сендердің мерекелерің. – Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту Мақсаты Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту .</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту Мақсаты Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау. Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс. б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> | <p>Математика негіздері Міндеті Геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p>тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді</p> |
|--|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|---|----------|--|
| | <p>түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті.</p> <p>Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» – деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен.</p> <p>Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.</p> <p>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>–Аңызда нелер туралы айтылған?</p> <p>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?</p> <p>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?</p> <p>–Екеуі қалай келіседі?</p> <p>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?</p> <p>–Түн батып ай шыққанда ше?</p> | <p>Өлең ұнады ма?</p> <p>– Авторы кім?</p> <p>– Өлеңде не туралы айтылған?</p> <p>– Болашақта сен қандай болғын келеді?</p> <p>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</p> | <p>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз</p> | <p>.</p> | <p>фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.</p> <p>Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады.</p> <p>Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.</p> <p>– Бұл неге ұқсайды?</p> <p>Сызып қосады.</p> <p>Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды</p> |
|--|--|---|---|----------|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
| Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар | | | | | |

«Кім көп таспа жинайды?»



1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ”

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.

2.Ойын:“Айна ”

Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.

Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|---|
| | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: -</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға,</p> | <p>Математика негіздері Міндеті Көлемді</p> | <p>Қоршаған орта Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп</p> |
|--|---|--|---|--|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|---|
| | <p>Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту</p> <p>Мақсаты Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.</p> <p>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасындар да допты кері бересіндер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(к), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (к), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п)</p> | <p>берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу</p> <p>-Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>(кірікт.09.05) Мақсатыжыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар</p> | <p>пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу</p> <p>Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p>«Сикырлы дорба» ойыны. «Сикырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сикыршы сикырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен</p> | <p>күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p>Мақсаты бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру</p> <p>Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. - Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет</p> | <p>сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу</p> <p>-Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05) Мақсаты ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтанбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? – Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). – Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.</p> |
|--|---|---|--|--|---|

| | | | | | |
|--|------------|---|---|---|---|
| | <p>т.б</p> | <p>«қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар</p> | <p>фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз</p> | <p>екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: - Гүлдердің жапырақтарының</p> | <p>– Мынау – барыс. Мынау не? – Мынау – барыс. – Барыс жаттығулар жасады. – Барыс не істейді? – Барыс жаттығулар жасады. – Мынау – борсық. Мынау не? – Мынау – борсық. – Борсық жаттығулар жасады. – Борсық не істеді? – Борсық жаттығулар жасады. – Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты</p> |
|--|------------|---|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
| <p>Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.</p> | | | | | |

Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған

Кім қалай дыбыстайды?

(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен).

- Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен).

- А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен).
1 минут жұмыс істеңіз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.

Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

Дикциялық жаттығу

Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.

Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.

Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сең келеді,

Сегіз серке тең келеді.



Ойын: “Табан балық және шортан”

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.

Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.

Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>Қоршаған орта Міндеті: - Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету Мақсаты алалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету</p> <p>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, кадрлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - адамның жалпы денекұрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа,</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу Мақсаты . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>Мақал-мәтел: Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей. Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады). Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.</p> | <p>Музыка Міндеті: - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру Мақсаты Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын») «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p> | <p>Музыка Міндеті - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Мақсаты Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе»</p> |
|--|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|---------------------------------|--|--|--|--|--|
| | <p>бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.</p> <p>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.</p> <p>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға,</p> <p>бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.</p> | <p>өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p>Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p> | <p>«Қ» – қала, аққала, сандық.</p> <p>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p> | | <p>орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)</p> <p>Музыкалық аспап аойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> |

| | | | | | |
|---------------|---|--|--|--|---|
| | | | | | |
| Серуен | <p>Мамыр Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Кемпірқосақты бақылау</p> <p><i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.</p> <p>Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап.</p> <p>Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ)</p> <p>Жаңбыр жуды жерімді,</p> | <p>Мамыр Серуен-Бақылау №11 Бақылау: Найзағайды бақылау</p> <p><i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру;</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p> <p>Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады.</p> <p>Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы,</p> | <p>Мамыр Серуен-Бақылау №12 Бақылау: Жәндіктерді бақылау</p> <p><i>Мақсаты:</i> «Жәндікт ер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</p> <p>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</p> <p>Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды.</p> <p>Еңбекқорды аялайды,</p> | <p>Мамыр Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Топырақты бақылау</p> <p><i>Мақсаты:</i> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да</p> | <p>Мамыр Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Желді бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>- жел туралы түсініктерін бекіту;</p> <p>- жел түрлерін есте сақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:</p> <p>Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел)</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ)</p> <p>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <p>◆ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? I</p> <p>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</p> | <p>Бұлт көрпесін жыртады.</p> <p>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт- құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі</p> | <p>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)</p> <p>- Қанды сорып сүліктей,</p> <p>Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты.</p> <p>Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)</p> <p>Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді.</p> <p>Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <p>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде</p> | <p>бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.</p> <p>Құммен торфты салыстыру;</p> <p>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.</p> <p>Еңбек</p> <p>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.</p> <p><i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i></p> | <p>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:</p> <p>Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа эртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасыны ң айырмашылығына байланысты. Ауа</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>◆ Кемпіркосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпіркосақтың суретін салу.</p> <p>Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> | <p>түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p>Зерттеу қызметі</p> <p>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы</p> <p>Нөсерлеп жаңбыр басталды,</p> <p>Науада қалқып қақ қалды.</p> <p>Найзағай тынбай жарқылдап,</p> <p>Нөсер тұр құйып сатырлап.</p> <p>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек</p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> | <p>айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> | | <p>массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.</p> |
|--|---|---|--|--|--|

| | | | | | |
|------------------------|--|---|---|--|--|
| | | <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p> | <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> | | <p>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Г үл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</p> |
| Серуеннен оралу | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>«Бақыт деген не өзі?»</p> <p>Бақыт деген, шырағым</p> <p>Мынау әсем тұрағың.</p> <p>Ну ормандар, гүл бағы,</p> <p>Күннің күліп тұрғаны</p> <p>БАҚЫТ- дәні далаңның.</p> <p>«Ботам» деуі әжеңнің,</p> <p>Тыныштығы әлемні жаттау</p> | <p>Мен де балғын гүлмін</p> <p>Автор. М. Байсариева</p> <p>Арасынды гүлдің</p> <p>Ойнап бүгін жүрдім</p> <p>Қызыл, көкшіл, сары</p> <p>Әп-әдемі бәрі</p> <p>жаттату</p> | <p>Санат пен Ерасылға түстерді атап айту.</p> | <p>Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.</p> | <p>Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.</p> |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</p> | <p>Қимылды ойын</p> <p>«Қасқыр қақпан».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны:</p> | <p>Қимылды ойын «Өз ағашынды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p> | <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> | <p>Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.</p> | <p>Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтары н дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------------------|---|---|---|---|---|
| | <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p> <p>Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</p> | | <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p> | | <p>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.</p> <p>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</p> |
| <p>Балалардың үйге қайтуы</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | туралы өзіңді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |
|--|--|--|--|--|--|